

2025 жылғы 23 мамырдағы өткен «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті» КеАҚ-ы Ғылыми кеңесінің
№ 8 хаттамасынан
КӨШІРМЕ

Ғылыми кеңес мүшесі: 28
Қатысқандар саны: 24
Қатыспағандар: 4 /дәлелді/

КҮН ТӘРТІБІ:

2. Университеттегі тәрбие жұмыстары аясында академиялық топтар кураторларының қызметін жетілдіру /есеп/.

Л.Е.Қойшығұлова
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор

Тыңдалды: Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор **Қойшығұлова Ляйля Ерболатқызы** «Университеттегі тәрбие жұмыстары аясында академиялық топтар кураторларының қызметін жетілдіру» туралы есеппен таныстырды.

**Кеңес мүшелері тыңдап, талқылай келе, ашық дауыспен
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.«Университеттегі тәрбие жұмыстары аясында академиялық топтар кураторларының қызметін жетілдіру» туралы Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор **Л.Е.Қойшығұлованың** есебі мақұлданын.

2. Студенттердің бос уақытын тиімді өткізуге, қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға, көшбасшылық қасиеттерін шыңдауға мүмкіндік беретін студенттік клубтар ауқымы кеңейтілсін.

Жауапты: жастар саясаты департаменті, факультет декандары

Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы.

3. Қоғамдық ұйымдардың жұмысы мен студенттердің қатысуы туралы бірлескен медиа-өнімдер (сұхбаттар, репортаждар, подкасттар) жасалсын.

Жауапты: медиа орталығы

Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы.

4. Азаматтық құзыреттерді дамытуға бағытталған бірлескен білім беру курстары мен элективті модульдер (онлайн немесе офлайн форматта) іске қосылсын.

Жауапты: жастар саясаты департаменті, академиялық департамент

Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы.

5. Студенттердің қоғамдық ұйымдарда тәжірибеден өтуі мен тағылымдамадан өтуі ұйымдастырылсын.

Жауапты: жастар саясаты департаменті

Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы.

6. Әлеуметтік әсері бар тәжірибеге бағытталған жобалар ұйымдастырылсын.

Жауапты: жастар саясаты департаменті, факультет декандары

Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы.

7. Студенттерді іс-шаралар туралы ақпараттандыруға арналған цифрлық платформа жаңартылсын.

Жауапты: жастар саясаты департаменті, IT департаменті

Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы.

Осы қаулының орындалуын бақылау Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор **Л.Е.Қойшығұловаға** жүктелсін.

Ғылыми Кеңес төрағасы,
Басқарма төрағасы – ректор

Ғалым хатшы



С.Идрисов

Г.Аталихова